

Қытай Халық Республикасы кредитін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 тамыздағы N 1056

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында 1994 жылғы 26 сәуірде жасалған Үкіметаралық Келісімге сәйкес берілген 50 (елу) миллион қытай юаны мөлшеріндегі қытай кредитін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің Қытай Халық Республикасының 50 (елу) миллион қытай юаны мөлшеріндегі кредитін құрылыс материалдары, шағын механикаландыру бұйымдары мен құралдары өндірісін ұйымдастыру жөніндегі "Харе" қазақ-қытай бірлескен кәсіпорнының жобасын жүзеге асыру үшін пайдалану туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесіп Қытай Халық Республикасы берген кредит қаражаты есебінен құрылыс материалдары, шағын механикаландыру бұйымдары мен құралдары өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Кредит бойынша негізгі қарызды, проценттерді және барлық жолай төлемдерді төлеуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне осы кредитті өтеу жөнінде кепілді міндеттеме ұсынатын "Мантра" акционерлік қоғамы өз міндетіне алатындығы назарға алынсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне аталған кредитті белгіленген тәртіпке сәйкес қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Қытай Халық Республикасы берген кредитті жұмсауға және тиімді пайдалануға бақылау жасау Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне жүктелсін.

6. "Қытай Халық Республикасының тауарлық кредиті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1584 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

